

## "Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қараша N 1252

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

## "Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандырудан туындастын қатынастарды реттейді және осы қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндептерін анықтайды, мемлекеттік қолдаудың нысанын көздейді, өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандырудың мән-жайы мен тәртібін анықтайды.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

#### 1-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарт өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы көздегеннен басқа ережелерді белгілесе, халықаралық шартты қолдану үшін заң шығару қажет болғаннан басқа жағдайларда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2. Осы Заңмен тікелей реттелген қатынастардан басқа, өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудан туындастын және өзге заңнамалық актілерінің іс-қимыл саласына жататын қатынастар сол актілермен реттеледі.

3. Ауыл шаруашылығына арналмаған жерлерде өсімдік шаруашылығы өнімін өсіру және өсімдік шаруашылығы өнімін сақтау жөніндегі қызметке осы Заңның күші қолданылмайды.

### **2-бап. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудың мақсаты, объектісі және субъектілері**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандырудың (бұдан әрі - өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру) мақсаты осы Занда көзделген жағдайларда, көлемде және тәртіппен егіннің ішінәра немесе толық шығынға үшырауына әкеп соққан қолайсыз табиғат құбылыстарының салдарынан сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жолымен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің мүліктік мүдделерін қорғау болып табады.

2. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру объектісі - өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру процесінде сақтандырылуышыға келтірілген қаржылық шығындарды оған ішінәра немесе толық өтеуге байланысты сақтандырылуышының мүліктік мүдделері. Сонымен бірге, осы Заңның мақсаттары үшін, ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган оларға қатысты өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі өндірілетін бір гектарға жұмсалатын шығынның нормативтерін белгілеген дәнді және дәнді-бұршақ тұқымдастар, майлы, жемдік, техникалық, көкөністік және бақша дақылдары, картоп, жеміс беретін жеміс-жидек екпе ағаштары мен жүзімдіктер өсімдік шаруашылығы өніміне жатады.

### **3-бап. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру саласын мемлекеттік бақылау**

1. Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің сақтандыру шартын жасасу жөніндегі осы Заң белгілеген міндеттемелерінің орындалуын мемлекеттік бақылауды ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

### **4-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

өсімдік шаруашылығы - бұл өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысадын занды және жеке тұлғалардан - ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерден тұратын ауыл шаруашылығы саласының өндірістер кешені;

сақтандыруышы - сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған тұлға;

сақтандыруши - сақтандыруды, яғни сақтандыру жағдайы болған кезде сақтандыруышыға немесе пайdasына шарт жасалған тұлғаға (пайда алушыға), шартпен анықталған соманың (сақтандыру сомасының) шегінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға;

Үкімет агенті - Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған жағдайларда,

төленген сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін сақтандырушыға өтеу арқылы, өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды қолдауға республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатты басқару үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған, мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен құрылған занды тұлға;

бағалаушы - бағалау қызметін жүзеге асыратын лицензиясы бар жеке немесе занды тұлға ;

өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыру шарты (бұдан әрі - шарт) - осы Заң талаптары бойынша сақтандырушы мен сақтандырылушки арасында жасалатын шарт ;

сақтандыру жағдайы - шарт сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиғаның болуы ;

сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы болған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болып саналатын ақша сомасы ;

сақтандыру сыйақысы - өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру шартында анықталған көлемде сақтандыру төлемін сақтандырылушкиға төлеу міндettемелерін сақтандырушының қабылдағаны үшін сақтандырылушкиның сақтандырушыға төлеуге міндettі ақша сомасы ;

сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы болғанда сақтандыру сомасының шегінде сақтандырушы сақтандырылушкиға төлейтін ақша сомасы ;

франшиза - сақтандырушының өтеуіне жатпайтын шығындар сомасы.

## **2-тaraу. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудың мән-жайы**

### **5-бап. Сақтандыру жағдайларының түрлері**

Өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудың сақтандыру жағдайларына қолайсыз табиғат құбылыстарының (құрғақшылық, қатқақ, тоң, жылылық жетіспеуі, артық ылғалдану, бұршақ, нөсер, су тасқыны, дауыл, табиғат құбылыстары салдарынан болған өрттер, сел) немесе олардың жиынтығының нәтижесінде өсімдік шаруашылығы өнімінің жойылуы немесе булінуі салдарынан сақтандырушының зиян шегуі жатады.

### **6-бап. Сақтандыру сомасының мөлшері**

1. Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрі бойынша сақтандыру сомасы жеке айқындалады және сақтандырылушки өсімдік шаруашылығы өнімінің осы түрін өсіруге шығын жұмсайтын бүкіл алаңға көбейтілген, бір гектарға жұмсалатын шығынның нормативінен кем болмауы тиіс.

### **7-бап. Сақтандыру сыйақысын есептеу және төлеу**

1. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақысының көлемі сақтандыру шартымен белгіленеді, алайда, кез келген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, өсімдік шаруашылығы өнімінің әрбір түрі

бойынша сақтандыру сомасына көбейтілген аймақтық сақтандыру тарифінің көлемінен  
аспауы тиіс.

2. Сақтандыру сыйақысын сақтандырушы төлейді және өсімдік шаруашылығы өнімінің сақтандырылған түрінің өзіндік құнына жатқызылады.

3. Егер сақтандыру шартында басқаша көзделмеген болса, өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру сыйақысын сақтандырылуши сақтандырушыға біржола төлейді.

#### **8-бап. Сақтандыру төлемінің мөлшерін және жүзеге асырудың тәртібін анықтау**

1. Сақтандыру төлемі франшизаларды қолдана отырып шығын көлемінде жүзеге асырылады.

2. Шығын көлемі шарт жасасу кезінде тағайындалған өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудің бір гектарына жұмсалған шығын нормативінің көлемі мен өсімдік шаруашылығы өнімінің түрін өндірудің қолайсыз табиғат құбылыстары ықпал еткен бір гектарынан алынған кіріс арасындағы, қолайсыз табиғат құбылыстары ықпал еткен өнімнің осы түрін өндірудің алаңына көбейтілген айырмасы ретінде анықталады.

Қолайсыз табиғат құбылыстарының ықпалына ұшыраған аландардың көлемдері, сақтандырылушиның арызын алған күннен бастап үш күндік мерзім ішінде жергілікті атқарушы орган сақтандырылушиның арызы бойынша құруға тиіс комиссия белгілейді

Комиссия құрамына жергілікті атқарушы органның, ауыл шаруашылығы және жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның, Үкімет агентінің, сақтандырушының және сақтандырылушиның өкілдері кіреді.

Комиссияның тексеру нәтижесі бойынша тиісті тексеру кесімі ресімделеді, ол әрбір қолайсыз табиғи құбылыс фактісі бойынша және өсімдік шаруашылығындағы өнім түрі бойынша жеке жасалады (бұдан әрі - тексеру кесімі).

Қолайсыз табиғат құбылыстары ықпал еткен алқаптан жиналған өнімнің көлемі егін жинау кезінде міндетті бағалауға жатады.

3. Кіріс нақты, яғни алуға қолайсыз табиғат құбылыстары ықпал еткен, өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің көлемін сатқаннан кейін есептелетін болуы мүмкін (бұдан әрі - нақтылық іс).

4. Кіріс бағалық, яғни егін жиналғаннан кейін және алуға қолайсыз табиғат құбылыстары ықпал еткен, өсімдік шаруашылығы өнімі түрінің көлемін сатқанға дейін есептелетін болуы мүмкін. Бағалық кіріс ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен әдістеме негізінде анықталады. (бұдан әрі - бағалау кірісі).

Бағалық кірісті ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін, өсімдік шаруашылығы саласында бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушы анықтайды.

Өсімдік шаруашылығы өнімін бағалаушыларды лицензиялаудың ережесін

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Егін жартылай жойылған жағдайда сақтандыру төлемі егін жинау алған күннен бастап ең кемінде бір ай өткенде, алайда егін жинау аяқталған күннен бастап бес айдан кешіктірмей жүзеге асырылады.

Сонымен бірге кіріс мынадай тәртіппен есептеледі:

1) егер алынған егін сатылған болса, кіріс осы баптың 3-тармағына сәйкес есептеледі;

2) егер алынған егін сатылмаған болса, онда кіріс осы баптың 4-тармағына сәйкес есептеледі;

3) егер алынған егін жартылай сатылған болса, онда сатылған бөлігіне кіріс осы баптың 3-тармағына сәйкес есептеледі, ал сатылмаған бөлігіне кіріс осы баптың 4-тармағына сәйкес есептеледі.

6. Егістіктер (көшеттер) толық жойылған жағдайда сақтандыру төлемі зерттеу актісіне қол қойылған күннен бастап екі апта мерзімде жүргізіледі.

7. Франшизалардың шекті көлемдерін өсімдік шаруашылығы өнімдерінің әрбір түрі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

8. Үкімет агенттің сақтандырушуға сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеуінің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

### **9-бап. Сақтандыру төлемі туралы талап қоюдың тәртібі**

1. Сақтандырушуға сақтандыру төлемдері жөніндегі талапты сақтандырылушы жазбаша нысанда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға қажетті құжаттармен қоса береді.

2. Сақтандыру төлемі туралы арызға мынадай құжаттар қоса беріледі:

сақтандыру шартының көшірмесі;

қолайсыз ауа райы құбылысының болғандығын растайтын гидрометеоқызмет органдының анықтамасы;

осы Заңның 8-бабының 2-тармағына сәйкес жасалған зерттеу актісі; нақтылы алынған кірісті растайтын, тізбесі сақтандыру шартында белгіленген құжаттар, ал олар болмаған жағдайда - бағалаушының кірісті бағалау жөніндегі есебі; сақтандырушуның сақтандырылушыдан басқа құжаттарды қосымша талап етуіне жол берілмейді.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушу оларды қабылдаған күнін және құжаттардың толық тізбесін көрсетіп сақтандырылушыға анықтама беруге міндетті.

### **10-бап. Сақтандырушуны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері**

1. Сақтандырушу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

2. Егер сақтандыру жағдайы мынадай себептердің салдарынан болса сақтандырушу

сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

сақтандырушының қажетті қорғаныс немесе мейлінше қажеттік жағдайында жасалған іс-әрекетінен басқа, сақтандыру жағдайының әдейі жасалуына бағытталған немесе оның жасалуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

сақтандырушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен қасақана жасалған қылмыс немесе сақтандыру жағдайының себебімен байланысты болған әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекеттері.

3. Сондай-ақ сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мұналар негіз бола алады:

сақтандырылуши сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру қауіп-қатері, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы жалған мәліметтерді хабарлауы;

сақтандырылуши сақтандыру жағдайының шығындарын азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;

сақтандыру жағдайы болуының мәнісін зерттеуде және одан келген шығынның көлемін белгілеуде сақтандырушыға сақтандырылушиның қарсылық жасауы;

сақтандыру жағдайының болғаны туралы сақтандырушының хабарламауы;

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен көзделген басқа да жағдайлар.

4. Сақтандыру төлемінен бас тарту жөніндегі шешімді сақтандырушы қабылдайды және бас тартудың дәлелді негіздерін көрсетіп жазбаша нысанда сақтандырылушиға осы Заңың 9-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттардың берілген күнінен бастап жеті күндік мерзім ішінде хабарлайды.

5. Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүргізуден бас тартқаны үшін сақтандырылуши сotқа шағымдануы мүмкін.

### **11-бап. Өсімдік шаруашылығын сақтандыруды мемлекеттік қолдау**

1. Мемлекет қолайсыз табиғат құбылысының нәтижесінде болған сақтандыру жағдайынан міндепті сақтандыруды мемлекеттік қолдауға, ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға республикалық бюджеттен ақша бөлу арқылы өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруға қаржылай қатысады.

2. Республикалық бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Үкімет агентіне арнаулы шоттың шот ашады.

Мемлекеттік міндепті сақтандыру жүйесін дамытуға жағдай жасау үшін арнаулы шоттың қаражаттары депозитке орналастырылуы мүмкін.

Арнаулы шоттың кіріс бөлігі республикалық бюджеттен сақтандыруды мемлекеттік қолдауға бөлінген қаражаттар мен уақытша бос сақтандыру сомаларын депозитке орналастырудан түсken кірістер есебінен қалыптасады.

Депозитке орналастырылған сомалар, сақтандырушыға төленетін сақтандыру төлемдері мен Үкімет агентінің қызметіне төленетін шығыстар арнаулы шоттың шығыс

**б ө л і г і н е**

**қ о с ы л а д ы .**

Қаржы жылышының соңында есептелген арнаулы шот қаражаттарының қалдығы бюджетке қайтарылуға жатпайды.

3. Арнаулы шоттың ақшасын пайдалану тәртібі, сондай-ақ уақытша бос қаражаттарды депозитке орналастыру ресімі Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен анықталады.

4. Міндettі сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері және сақтандыру төлемдерін өтеу мөлшерлері сақтандыруды мемлекеттік қолдаудың кезекті бюджеттік-қаржылық жылға арналған мүмкіндіктеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық кесімдерімен сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі үекілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша реттеледі.

### **12-бап. Сақтандырушы, оның құқықтары мен міндettтері**

1. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыру бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы лицензиясы бар заңды тұлға сақтандырушы бола алады.

#### **2 . Сақтандырушы :**

- қолайсыз табиғат құбылысы туған кезде жергілікті атқарушы орган Сақтандырылушкиның өтініш бойынша құрған комиссияның құрамында қолайсыз табиғат құбылыстарының әсеріне ұшыраған аландарды анықтау жөнінде тексеру жұмысын жүргізу үшін өз өкілін жіберуге;

- сақтандыру жағдайы туған кезде сақтандырылушымен және бағалаушымен бірлесе қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған өсімдік шаруашылығындағы өнімнің нақтылы және/немесе бағалық кірісін анықтау жөнінде жұмыс жүргізуге;

- құзыретті органдардан сақтандыру жағдайы тұғандығын растайтын құжаттарды сұраптап алуға ;

- сақтандыру жағдайы туу нәтижесінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз бағалаушылардың есептерін пайдалануға;

- сақтандыру жағдайын тудыруға алып келуі мүмкін қолайсыз табиғат құбылысы болған аумақты қарауға және тексеру жүргізуге;

- сақтандыру төлемдері бөлігінің өтеуін республикалық бюджетте көзделген қаражаттар есебінен Үкімет агентінен алуға;

- өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және оларды Үкімет агентіне енгізуге құқылы.

#### **3 . Сақтандырушы :**

- әрбір сақтандыру жағдайы туған кезде сақтандырылушки жүзеге асыратын өндірістегі өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша осы Занда және сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізуға ;

- Үкімет агенттермен ішінара сақтандыру төлемдерін өтеу тәртібі мен талаптары

т у р а л ы

ш а р т

ж а с а с у ғ а ;

- өсімдік шаруашылығында сақтандыру жөніндегі статистиканы жүргізуге және жинақтауға және Үкімет агентінің талабы бойынша оған ұсынуға;

- Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру ережесін әзірлегенде, сақтандыру қызметін реттейтін және қадағалайтын уәкілетті мемлекеттік органмен келісуге;

- өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандырудың жасалған шарттары туралы сақтандыру шарты жасалған келесі айдың бесінші күнінен кешіктірмей, сақтандыруши мен Үкімет агенті арасында жасалған шартта көзделген тәртіпте, көлемде және мерзімде Үкімет агентіне ақпарат беруге;

- Сақтандырылуышыны Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру ережелерімен таңыстыруға ;

- сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

- бағалаушының қызметіне ақы төлеуге міндетті.

4. Сақтандырушиның сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамада көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

### **13-бап. Сақтандырылуышы, оның құқықтары мен міндеттері**

1. Сақтандырылуышы өсімдік шаруашылығында өнім өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға болып табылады.

#### **2 . С а қ т а н д ы р ы л у ш ы :**

- сақтандыру төлемін алуға ;

- өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырушидан міндетті сақтандырудың шарттарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

- келтірілген залал туралы жүргізілген бағаның деректерімен танысуға;

- сақтандырушиның сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы немесе оның мөлшерін азайту жөніндегі шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында және сақтандыру шартында көзделген тәртіппен дауласуға;

- қолайсыз табиғат құбылысына ұшыраған егіс алаңынан өсірілген өсімдік шаруашылығы өнімдерінің әр түрінен алынған нақтылы немесе бағаланатын кірісті бағалау нәтижесімен келіспеген жағдайда сотқа жүгінуге құқылы.

#### **3 . С а қ т а н д ы р ы л у ш ы :**

- сақтандырушимен өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру шартын осы Заңың 16-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімде жасасуға;

- шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықтарын төлеуге ;

- сақтандыру оқиғасының тууына соқтыруы мүмкін оған белгілі болған қолайсыз табиғат құбылысының фактісі жөнінде 3 күндік мерзім ішінде сақтандырушины х а б а р д а р е т у г е ;

Үкімет агентінің өкілдерін, сақтандырушины және бағалаушыны осы қолайсыз

табиғат құбылысы болған аумақты қарау үшін тиісті жағдай туғызуды қамтамасыз етуге және олардың егін жинау жұмыстары аяқталғанға дейін егістер мен көшеттердің жай-күйін бақылауына кедергі келтірмеуге;

- қолайсыз табиғат құбылысының фактісін анықтау жөніндегі комиссия құру туралы жергілікті атқарушы органға өтініш беруге;

- сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту жөніндегі шараларды қабылдауға;

- сақтандыру төлемдерін алу үшін қажетті осы Заңның 9-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарды сақтандырушуға беруге міндетті.

4. Сақтандырылушының Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамада көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

#### **14-бап. Үкімет агентінің құқықтары мен міндеттері**

##### **1. Үкімет агенті:**

- өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуғе;

- өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды өткізу тәжірибесін жинақтауға;

- өз құқықтары мен оған жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сақтандыруға қатысушылардан қажетті ақпараттарды, оның ішінде сақтандыру құпиясына жататын мәліметтерді сұрап алуға құқылы.

##### **2. Үкімет агенті:**

- сақтандырушы мен сақтандырылушыға өсімдік шаруашылығы өнімдерінің белгілі түрлерін өндіру шығындарының бекітілген нормативтері туралы ақпараттарды жеткізуғе;

- қолайсыз табиғат құбылысы туған жағдайда, сақтандырылушының өтініші бойынша жергілікті атқарушы орган құрған комиссия құрамында қолайсыз табиғат құбылысының әсеріне ұшыраған өсімдік шаруашылығындағы өнім өндірілетін алаңың мөлшерін анықтау жөнінде жұмыс жүргізуғе;

- сақтандыру жағдайы туған кезде табиғат құбылысының қолайсыз әсеріне ұрынған өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлерін өткізуден түскен нақтылық кірісті немесе бағаланған кірісті анықтау жөніндегі сақтандырылушының, сақтандырушының және бағалаушының бірлескен жұмысына қатысуға.

Сақтандырушыға осы заңның 8-бабының 8-тармағында белгілеген мөлшерде сақтандыру төлемін өтеуге міндетті.

3. Үкімет агентінің Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнама бойынша жүктелген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

4. Үкімет агенті сақтандыру төлемдерін ішінәра өтеу тәртібі мен жағдайлары жөнінде сақтандырушымен шарт жасасуға міндетті.

5. Үкімет агентінен сақтандырушыға ақша тиісті шартқа сәйкес келісілген мерзімде тек сақтандырушы өз міндеттемелерін сақтандыру төлемі бойынша толық орындағанда

, Үкімет агентімен бірге шарт талаптарын сақтандырушы міндettі түрде сақтаған жағдайда ғана бөлінеді.

6. Үкімет агентінің қызметіне ақы төлеу мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

7. Үкімет агентінің қызметін бағалауды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **15-бап. Бағалаушының құқықтары мен міндеттері**

#### **1. Бағалаушы:**

бағалауды жүргізу кезінде сақтандырылушидан сақтандыру жағдайы туған жерге және бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті қуаттарға, материалдарға толық көлемде қол жеткізуін қамтамасыз етуді талап етуге;

сақтандырылушидан және сақтандырушидан бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті түсініктер мен қосымша мәліметтер алуға; заңмен қорғалатын мемлекеттік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттардан басқа ақпараттарды үшінші тұлғадан жазбаша немесе ауызша нысанда сұрауга құқылы.

#### **2. Бағалаушы:**

- ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен әдістеме негізінде сақтандырушиның сақтандырылушиға келтірілген залалдың және сақтандыру өтемақысының мөлшерін анықтау үшін өсімдік шаруашылығындағы сақтандырылған өнімнің осы түрінің бағалық кірісін анықтауға;

- сақтандырылушиға, сақтандырушиға және Үкімет агентіне бағалау жөнінде есеп беруге міндettі.

3. Бағалаушы қолайсыз ауа райы жағдайында алынған, бұрын анықталған өсімдік шаруашылығындағы өнімнің сол бөлігінің бағалау құны шамасының растығы үшін жаупты болады.

4. Бағалаушының Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамада көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

### **16-бап. Сақтандыру шарты**

1. Сақтандыру шартын жасау өсімдік шаруашылығында өнім өндірушілер үшін міндettі болып табады.

2. Сақтандыру шарты күнтізбелік жылға жасалады және егер сақтандыру шартында басқаша көзделмеген болса, сақтандыру сыйлығын төлеу сәтінен бастап қүшіне енеді.

3. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру шартын жасау және сақтандыру сыйлығын төлеу мерзімі:

- көп жылдық дақылдар бойынша, жеміс беретін жеміс-жидек көшеттері мен жүзімдіктер - жыл сайын 1 наурызға дейін;

- өсімдік шаруашылығы өнімдерінің қалған түрлері бойынша - өсімдік шаруашылығы өнімдерінің тұқымын себу аяқталғаннан кейін 15 күннен кешіктірілмей.

**4. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады.**

Сақтандыру шартының үлгі нысаны ауыл шаруашылығындағы уәкілетті мемлекеттік органның сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісімі бойынша бекітіледі.

**5. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады:**

1) шарттың қолданылу мерзімі өткенде;

2) шарт мерзімінен бұрын бұзылғанда;

3) шарт қолданылып тұрған мерзімде орын алған барлық сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанда.

**6. Сақтандыру шарты қолданылуын Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексте белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатады.**

**7. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінде көзделген негіздемелер бойынша заңсыз деп танылады.**

### **3-тaraу. Қорытынды ережелер**

#### **17-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзу салдарлары**

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Сақтандырылуши ретінде көріну міндеті жүктелген тұлға осы заңда көзделген сақтандыру жағдайларында Сақтандырушыдан сот тәртібімен сақтандыру шартын жасауды талап етуге құқылы.

#### **18-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартынан жалтарғаны үшін жауапкершілік**

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартынан жалтарғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауапкершіліке тартылады.

#### **19-бап. Дауларды шешу**

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру бойынша тараптардың қатынастарынан туындастын даулар белгіленген заңнама тәртібімен шешіледі.

#### **20-бап. Заңның күшіне енуі**

Осы Заң 2003 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*